

24 қазан 2024



**«Эйр Астана» компаниялар тобының акционерлік қоғамы**

(«Эйр Астана тобы» немесе «Топ»)

**2024 жылдың үшінші тоқсан және бірінші тоғыз ай нәтижелерін жариялау туралы  
хабарлама**

Кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпания «Эйр Астана» тобы 2024 жылдың үшінші тоқсан және 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз ай нәтижелерін, 2024 жылдың 5-ші қарашасында жариялайды.

Басшылық нәтижелер жарияланған күні, Астана уақыты бойынша 14:30-да конференц-қоңырау және тікелей эфир (вебкаст) өткізеді.

Қоңырауға келесі сілтеме арқылы қосылуға болады:

Ағылшын тілінде: [Air Astana Q3 2024 Webcast](#)

Орыс тілінде: [Air Astana Q3 2024 Webcast](#)

**Сауалдар:**

**«Эйр Астана» Тобы  
Инвесторлармен байланыс қызметі**

[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)

**Instinctif Partners**  
(«Эйр Астана» Тобының инвесторлармен  
байланыс және PR жөніндегі халықаралық кеңесшісі)

[airastana@instinctif.com](mailto:airastana@instinctif.com)

**Редакторларға арналған ескертпелер**

**«Эйр Астана» тобы туралы**

«Эйр Астана» Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы болып табылады. Топ 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 57 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Топ Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екі рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» марапатын сегізінші рет иемденіп отыр. FlyArystan екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды. Сонымен қатар, «Эйр Астана» АҚ APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).